

Абай Құнанбаев



(10 тамыз 1845 жыл – 6 шілде 1904 жыл)
— ұстаз, ақын, ағартушы, жазба қазақ
әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің
негізін қалаушы,
философ, сазгер
, аудармашы, саяси қайраткер[1],
либералды көзқарасын
исламға таяна отырып, орыс және
еуропа мәдениетімен жақындасу
арқылы қазақ мәдениетін жаңартуды
көздеген реформатор. Абай
ақындық шығармаларында қазақ
халқының әлеуметтік, қоғамдық,
моральдық мәселелерін арқау еткен

Абайтану

Абайтану қазақ әдебиеттану ғылымының саласы. Абайтану Абайдың өмірі мен шығармашылық өнері, философиясы, қоғамдық, эстетикалық көзқарастары, қазақ поэзиясындағы өлең жүйесін, ақындық тілді дамытудағы үлесі, музыкалық мұрасы жайлы сан-салалы зерттеу еңбектерін қамтиды. Абайдың өмірі мен шығармашылық мұрасын зерттеу шын мәнінде Әлихан Бөкейханов, Ахмет

Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы мақалаларынан басталды деуге болады

Ахмет Байтұрсынұлы **1913** ж. «Қазақ» газетінде басылған «Абай – қазақтың бас ақыны» атты мақаласында «Одан асқан бұрын-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ» – деп Абайды аса жоғары бағалады. Абай шығармаларын жинап, қағазға түсіріп, реттеп баспаға дайындау ісі ақын қайтыс болған соң ұзамай-ақ қолға алынғанын дәлелдейтін нақтылы деректер жетерлік.

«Социалистік құрылыс» газетінің 1945 жылғы 8-санында жарияланған. Абай шығармаларын қазақ халқының көп ғасырлық қасиетін бойына жиған ерекше қазына ретінде зерделеп, ақынның туған халқының және күллі адамзаттың өнер, ой байлығынан алған үш үлкен салалы түп-төркіні, үш қайнар бұлағы бар екендігін жеке-жеке қарастырады:

орыс және еуропа әдебиетін, орыс және еуропа әдебиетінің әсері нәтижесінде «Абай қазақ поэзиясына өлеңнің жаңа түрлерін, жаңа тақырыптарын енгізді, жаңа әлеуметтік мазмұн берді. Бұның өзі қазақ поэзиясының сапасын ерекше арттырды»

Еңбектері

Абайдың шығыс поэзиясымен байланысы да өзгеше болып, оған Фирдауси, Низами, Сағди, Хафиз, Науаи, Физули, Бабыр шығармалары қатты әсер еткендігін, сонымен бірге шығыс әдебиетінің кері бағыттағы ағымдарынан бас тартқандығын айта келіп: «Араб-мұсылман Шығысының әдебиетінде Абай өз шығармаларына тандап енгізгендігін»

Абай поэзиясының Пушкин шығармашылығымен, Абай сатирасының Салтыков-Щедрин сатирасымен ұқсастық жақтарына талдау жасайды.



Абай Құнанбайұлы – қазақ халқының мақтанышы

Абайдың қазақ әдебиеті алдындағы ұлы қызметі оның ұлттық әдебиетте шындық дегеннің не екеніне бірнеше рет көңіл аударып, оны тұңғыш аша білуі деуге болады. Ол - қазақ әдебиетінде әйелдердің тағдырына бірінші көңіл бөлген ақын. Оның кіршіксіз, таза, терең сезіміне үңілді, ананы, даналықты ,достыққа берік адал сезімді жырлады . Абай кедей ақындардың күнкөріс кәсібіне айналып , бағасы түскен өлең сөзді өз биігіне қойып, оқырманның, тыңдаушының талғамын тәрбиелеуге белсенді араласты.





